

**Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының жергілікті бюджетінен  
қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына  
ынталандырушы үстемеақылар белгілеудің тәртібі мен шарттарын айқындау туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 10 қантардағы № 06 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 2-тармағына, "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеудің тәртібі мен шарттары айқындалсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін ресми жариялау және Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Тайынша ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған құқықтық қатынастарға торалады.

Тайынша ауданы әкімінің міндетін аткарушысы

Г. Бәтенова

Солтүстік Қазақстан облысы

Тайынша ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 10 қантардағы №06

қаулысына қосымша

# **Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы ұстемеақылар белгілеу тәртібі мен шарттары**

## **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданы жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы ұстемеақылар белгілеудің тәртібі мен шарттары (бұдан әрі-ынталандырушы ұстемеақылар) "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасы негізінде әзірленді және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің (бұдан әрі – ұйым) лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы ұстемеақылар белгілеудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 1-бабы 1-тармағының 37) тармақшасына сәйкес жалақы – жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына қарай еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер.

## **2 тарау. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы ұстемеақылар белгілеу тәртібі**

3. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ынталандырушы ұстемеақылардың белгіленген мөлшерінің негізінде "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес қосымша бюджет қаражатына қажеттілік қалыптастырады және "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бюджеттік өтінім жолданады.

4. "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының талаптарына сәйкес ынталандырушы ұстемеақылар бойынша қосымша қажеттілікті аудандық бюджет комиссиясының қарауына шығарады.

5. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ынталандырушы ұстемеақыларға бюджет қаражатын бөлу

кезінде, ұйым басшысы кадр қызметі қызметкерінің немесе оны алмастыратын адамның жазбаша ұсынуы (бұдан әрі - ұсынымы) негізінде, қызметкерлерге ынталандырушы үстемеақылар төлеу туралы ай сайын шешім қабылдайды.

Ұйымның басшысы ұсынымды қарау нәтижесінде ол тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде келіседі, не лауазымдық жалақыға ынталандырушы үстемеақыны белгілеуден бас тарту себептерін негіздей отырып, тіркелген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде бас тартады. Қызметкер шешім шығарылғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде бас тарту туралы хабардар етіледі.

6. Осы тәртіптің 14-тармағында көрсетілген шарттар қызметкерлерге ынталандырушы үстемеақылар төлеуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.

7. Ұсынымда қызметкердің тегі мен лауазымы, ынталандырушы үстемеақының мөлшері және тәртіптік жазаның жоқтығы туралы мәліметтер көрсетіледі.

### **3-тарау. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеу шарттары**

8. Үнталандырушы үстемеақылар қызметкерлерді ынталандыру мақсатында белгіленетін төлемдер болып табылады.

9. Үнталандырушы үстемеақылар, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген материалдық көмектің және ынталандырушы төлемдердің бұрыннан бар түрлеріне қосымша төлемдер болып табылады.

10. Қызметкерлердің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар төлеу, қызметкерлердің еңбегін ынталандырудың төленген түрлерін тоқтату үшін негіз болып табылмайды (сыйлықақылар, қосымша ақылар, лауазымдарды қоса атқарғаны үшін, қамту аймағын кеңейткені үшін үстемеақылар, үстеме жұмыс және басқалар).

11. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы өзгерген жағдайда ынталандырушы үстемеақылар қайта қаралатын болады.

12. Жұмыскерлердің лауазымдық айлықақысына ынталандыру үстемеақысын төлеу күнтізбелік жыл ішінде ай сайын жүзеге асырылады.

13. Еңбек шартында көрсетілген нормалар қызметкерге ынталандырушы үстемеақылар белгілеу үшін негіз болып табылады:

- 1) орындаушылық және еңбек тәртібін сақтау;
- 2) ұйымның одан әрі қалыпты (үздіксіз) жұмысы, шұғыл орындалуына байланысты болатын шұғыл және алдын ала күтпеген жұмыстарды орындау.

14. Лауазымдық айлықақыларға ынталандырушы үстемеақы қызметкерлерге белгіленбейді:

- 1) алынбаған тәртіптік жаза болған кезде;

- 2) ұйымда бір айдан кем жұмыс істегендерге;
- 3) сынақ мерзімінен өту кезеңіне;
- 4) лауазымның тиісті санатының функциялары уақытша орындалған жағдайда;
- 5) жалақысы сақталмайтын демалыс кезеңінде;
- 6) оқу демалысы кезеңінде;
- 7) жүктілікке және баланың (балалардың) туылуына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс кезеңінде;
- 8) бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыс кезеңінде.

15. Бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына ынталандыруши ұстемеақылар төлемдерін қаржыландыру көзі Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының жергілікті бюджеті болып табылады.

16. Үнталандыру ұстемелері Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының шешімі бойынша ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына белгіленеді.